



Статистика, учет и аудит, 4(87)2022. стр. 84-107
DOI: 10.51579/1563-2415.2022-4.09

МРНТИ 16.01.45
УДК 153.923.3

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘСІЛДЕРІ

Султанбаева Ж.У.*, Сеитов Б.Р.

Еуразия технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: zhaina.sultanbayeva@gmail.com

Аңдатпа. Қазіргі жаһанданған өмірде және техниканың дамыған кезінде заманауи құралдарды пайдалану өте маңызды алғышарттардың бірі. Дамыған шет мемлекеттердің қатарына қосылу мақсатында болашақ кәсіби мамандарды даярлауда – ағылшын тілі сабағында жаңа инновациялық технологияларды қолданудың маңызы зор. Сондай ақ жаңа технология әдістемелерін практикада қолданудың әдістемесі ұсынылады.

Бүгінгі таңда жоғары мектеп түлегі бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие болуы керек, бұл жаңа технологияның жалпы дамуының жоғары деңгейін, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктің, жоғары кәсіби шеберліктің, тәуелсіз шешім қабылдауға қабілеттілікті, стандартты ойлау және өзгермелі жағдайларға бейімді болуын талап етеді.

Ағылшын тілін үйретудің басты мақсаты – оқушыларға шет тіліндегі қарым-қатынаста базалық деңгейде ақпарат алмасу. Базалық деңгейде араласа алатындай деңгейге жеткізу. Ал базалық деңгейде шет тілінде ақпарат алмасу үшін – ағылшын тілінің ауызекі сөйлеу әрекетінің төрт түрі: сөйлесім, тыңдалым, оқылым, жазуды жаңа технологияларды пайдалана отырып сабақ барысында жаңа әдістерді белсенді қолдану.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері жүйелі талданып, ой елегінен өткізіліп, ғылыми-әдістемелік қорытынды жасалынған. Шет тілі сабағында жаңа инновациялық технологияларды қолданудың ерекшеліктерін ашып, мазмұнына сипаттама берілген.

Түйін сөздер: ғаламтор, ресурс, сайт, сандық, қашықтықта білім беру, әдістемелік бағдарлама, электронды пошта.

Негізгі ережелер. Жаңа технологияны шет тілі сабағында үйрету әдістері – қазіргі кездегі көкейтесті мәселелердің бірі. Ғаламтор желісінде көптеген шетелдік әдістемелік платформаларды шет тілі сабағында қолдану – бәсекеге қабілетті, елімізді дамыған елдер қатарына қосуға еңбек ететін болашақ ұрпағымызды тәрбиелеп шығаратын бірден бір тиімді жолы.

Cite this article as: Sultanbaeva J.U., Seitov B.R. Innovative technologies in teaching a foreign language methods of use. Statistics, accounting and audit. 2022, 4(87), 84-107. DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2022-4.09>



Ағылшын тілі - қарым-қатынастың ең маңызды құралы, онсыз адамзат қоғамының өмір сүруі мен дамуы мүмкін емес. Қазіргі қоғамдық қатынастардың, байланыс құралдарының (жаңа ақпараттық технологияларды қолдану) өзгерістері мектеп оқушыларының коммуникативті құзыреттілігін арттыруды, олардың филологиялық дайындығын жетілдіруді талап етеді. Мұның бәрі «Шетел тілі» пәнінің жалпы білім беретін пән ретінде мәртебесін көтереді [1; 165].

Шет тілінің басты мақсаты - коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, ана тілінде сөйлейтін адамдармен тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынасқа қабілеттілік пен дайындықты талап етеді. Заманауи білім беру технологияларын қолдану оқу үдерісін өнімді, тиімді, қызықты, ақпаратқа сай ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сабақ барысында жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып, ағылшын тілін оқыту үдерісіне жаңа көзқарас тұрғысынан қарауға және жақсы нәтижелерге қол жеткізе отырып, тұлғаны қалыптастырудың психологиялық механизмдерін меңгеруге болады.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен талқыланып келе жатқан көкейтесті мәселелердің бірі – ағылшын тілін оқыту барысында жаңа инновациялық технологияларды пайдалану болып табылады. Уақыт өткен сайын, заман талабы жоғарылаған сайын, білім беру жүйесі де заман талабына сай өзгеріп, үлкен сұранысқа ие болып отырады. ХХІ ғасырда педагогикалық процесті ізгілендіру және тұлғааралық қатынастарды демократияландыру бірінші орынға қойыла бастаған жоғары білім беру жүйесін жаңа құндылықтарға қайта бағыттауға тұрақты тенденция байқалды [1, 25]. Бүгінгі таңда жоғары мектеп түлегі бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие болуы керек, бұл жаңа технологияның жалпы дамуының жоғары деңгейін, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктің, жоғары кәсіби шеберліктің, тәуелсіз шешім қабылдауға қабілеттілікті, стандартты ойлау және өзгермелі жағдайларға бейімді болуын талап етеді.

Мұның бәрі қазіргі кезде педагогикалық іс-әрекеттерді, кез-келген білім беру мекемесінің табысты және оқу іс-әрекетінің маңызды факторларының бірі болып табылатын жаңашыл сипатта болуына әкеледі. Шындығында - бұл инновациялық қызмет, бір жағынан, білім беру қызметтері нарығында мекеменің бәсекеге қабілеттілігін құруға негіз жасайды, екінші жағынан, оқытушылар құрамының кәсіби өсу бағыттарын, шығармашылық ізденістерін анықтайды әр мұғалімнің, бұл оқушылардың жеке өсуіне шынымен ықпал етеді.

Уақыт өте келе заман талабына сай оқу үдерісі де жаһанданып келеді. Жаңа технологиялар дамып, сандық (цифровой) әлемге көшіп келеміз. Жаһанданған сандық әлемде өмір сүру үшін, заман талабына сай болашақ кәсіби мамандарды тәрбиелейтін білім ошақтары да заман талабына сай білім беру жүйесін де жаңартуда. Білім беру жүйесін жаңарту үшін, мектеп мұғалімдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары да заман талабына сай біліктілігі жоғары мамандар болуы шарт. Оқытушылар жоғары білікті болу үшін білімдерін жетілдіретін арнайы курстарға, семинарларға, вебинарларға қатысады, біліктіліктерін арттырады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылдың 10 Қаңтарында Халыққа жолдаған үндеуінде арнайы «Сандық Қазақстан» (Цифровой Казахстан) кешенді бағдарламасының жасалғанын айтты [2]. Осы «Сандық Қазақстан» кешенді бағдарламасы бойынша білім ошақтарында жұмыс жасайтын



ұлағатты ұстаздарымыз арнайы ұйымдастырылған біліктілік көтеру курстарына қатысып, сандық білімдерін заман талабына сай жетілдіре алады. Осыған байланысты, соңғы жылдары университетте қазіргі заманғы техникалық құралдарды ғана емес, сонымен қатар оқу процесінің жаңа тәсілдерін білдіретін ақпараттық технологияларды қолдану кеңейе бастады. Бұл шет тілдерін оқытудағы басты мақсатқа байланысты: оқушылардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру және дамыту, олардың шет тілін іс жүзінде меңгеруі. Университет оқытушысының міндеті - әр студенттің тілді іс жүзінде меңгеруіне барлық жағдай жасау. Бұл оның белсенділігі мен шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беретін оқытудың осындай әдістерін таңдауды білдіреді. Бұл әр түрлі ақпараттық технологиялар мен интернет-ресурстарды пайдалануға байланысты заманауи инновациялық технологиялардың мақсаты.

«Технология» термині грек тілінен “techne” – шеберлік, өнер, кәсіп, және “logos” аудармасы білім, ғылым деген сөздерден пайда болды. Бұл «Технология» термині алғаш болып 20 ғасырдың 60-шы жалдарынан бастап АҚШ пен Еуропада тарай бастады. Содан кейін бүкіл әлемге тарай бастады. Кейіннен білім беру ошақтарына осы «Технология» термині ене бастады, жоғары нәтижелерге жетудің тиімді әдістерін сипаттайтын ұғым. Соңғы кездері жалпы білім беретін мектептерде, колледж, жоғары оқу орындарында жаңа инновациялық технологияларды қолдану мәселесі көп айтылып келеді. Ал бұл дегеніміз тек сабақ кезінде жаңа құралдарды пайдалану ғана емес, сондай ақ білім берудің жаңа формасы мен әдістері және соған деген көзқарас деп айтуға болады. Бұл жаңа техникалық құралдар ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа формалары мен әдістері, оқу үдерісіне жаңа көзқарас. Бұл дәл осы компьютерлендіру және жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндігі болып табылады, бұл білім берудің жаңа жүйесін құруға көмектеседі [3, 11]. Қазіргі кездегі білім уақытпен бірге жүреді және қазіргі заманғы шет тілі сабағы - бұл күрделі білім беру, оны дайындау мен өткізу мұғалімнен үлкен шығармашылық күш-жігерді талап етеді. Бүгінгі таңда шетел тілін оқытуда қазіргі техникалық прогрестің деңгейіне сәйкес тенденциялар дамуда. Ақпараттық технологияларды шет тілі сабағында қолданудың тиімділігі енді күмән тудырмайды. Ғалымдар қабылдау жүйелері оқуға қаншалықты көбірек қатысса, материал соғұрлым жақсы әрі берік игерілетінін атап өтті. Ақпараттық технологияларды оқу үрдісіне белсенді енгізу дидактикалық мүмкіндіктерді арттырады, көрнекілік, аудио және видео қолдау мен бақылауды қамтамасыз етеді, бұл жалпы оқыту деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді. Оқу іс-әрекетінде компьютерді қолдану «техникалық» инновациялар тобына жатады. Ғаламтордағы көптеген материалдарды шет тілінің сөйлеу әрекетінің түрлері - жазу, оқу, сөйлеу, тыңдауды сабақ үдерісінде пайдалануға болады. Тыңдаушылардың қызығушылығын тұрақтыға қол жетімділік оңай қолдайды және білім берудің ақпарат көздері өзгереді және өседі. Мазмұны ғаламтордағы білім туралы ақпарат гипермәтіндік тәсіл арқылы жүзеге асырылады. Бұл материалды кез-келген тәртіпте, әр түрлі деңгейдегі білуге мүмкіндік береді, ажырамас белгі және шет тілінің интерактивті бөлігі болып табылады. Осылайша мұғалім ғаламторды оқу процесінде оқушымен бірлескен іс-әрекетіне айналдырады. [4, 96].

Қазіргі заманауи жаңа технологиялардың бірі – ғаламтор желісіндегі түрлі әдістемелік платформалар. Көптеген әдістемелік сайттардың бірі – Socrative.com



Қазіргі таңдағы жербетінде көкейтесті мәселе болып жатқан пандемия уақытындағы, яғни карантин кездегі оқу үрдісінде қолданылуы. Аталған сайт қашықтықта оқыту кезінде бақылау жұмыстарын қабылдауға, әрбір өтіліп жатқан жаңа тақырып соңында өтілген грамматика, тақырыпты пысықтау мақсатында студенттермен, оқушылармен сабақ соңында қодануға болады. Мысалы: сабақта Comparative and superlative adjectives грамматикасы, лексикалық тақырыбы My favourite city. Сабақ барысында оқытушы жаңа тақырыпты, грамматиканы түсіндіріп, өтілген тақырыпты машықтандыру мақсатында сабақта жаттығулар жасалады. Жаттығу соңында Socrative.com сайтына сілтеме беріп, оқытушының “Teacher’s room”-ға кіреді. Оқытушы алдын ала өтілетін грамматика, тақырып материалдарын аккаунтына жүктеп қояды. Оқушылар, студенттер “Teacher’s room”-да берілген тест сұрақтарына жауап береді. Балдары бірден көрініп отырады. Тест сұрақтарына жауап беру барысында студент қашықтықта отырып, оқытушы студенттердің тестті қалай орындап жатқанын көріп, бақылап отыра алады. Студенттер тест аяқтала сала, сайттан шығып кетеді. Тест қорытындысын оқытушы соңынан студенттерге жеке электронды пошталарына жібере алады. Бұл әдістемелік сайттың ерекшелігі – білім алушылардың жауаптары автоматты түрде тексеріліп, баллдары қойылады. Оқытушының уақыты үнемделеді және балдары әділ қойылады. Міне осындай сайт бағдарламасын қашықтықтан оқыту үрдісінде өте пайдалы.

Қазіргі таңда оқу процесінде кеңінен қолданылып жүрген инновациялық тәсілдердің бірі – жобалау технологиясы, бұл сыни тұрғыдан ойлау технологиясындағы мәселелер мен кейбір тәсілдерді шешуге негізделген педагогикалық технологияларды енгізу мүмкіндігі болып табылады [5; 346].

Бұл технологиялар жеке тұлғаға бағытталған, оларды өнімді деп санауға болады және оқушының өзін-өзі анықтауы мен ұйымдастыруын, студенттің белсенділігі мен студенттің тілдік тұлға ретінде өзін-өзі қалыптастыруын қамтамасыз етеді.


Осы технологиялардың арқасында студенттерді ағылшын тілі сабақтарына интерактивті сабақтарға тартуға болады, әр студентті білім беру үдерісінің алдыңғы қатарына қойып, оны оқудың белсенді субъектісіне айналдыруға, оның басқа студенттермен шығармашылық қарым-қатынасын ұйымдастыруға және оған білім беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беруге болады.

Инновациялық технологияларды қолданудың өзектілігі

Білім беру үдерісінде жаңа технологияларды қолдану үшін, оқытушылардың кәсіби педагогикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады. Қазіргі уақытта оқытушыларда келесідей құзыреттіліктер болуы керек:

- Педагогикалық құзыреттілік, яғни өз пәні туралы білімді, сонымен қатар педагогика, балалар психологиясы, дидактика білімдерін практикада қолдана білу.
- Пәндік құзыреттілік, яғни өз пәні бойынша білім, білік және дағдыларға ие болу.
- Әлеуметтік құзыреттілік, яғни қоғам өмірімен байланыста болу, ынтымақтастықта болу, әртүрлі өмірлік мәселелерді шеше білу, әлеуметтік жағдайларда мобильді болу.

Қазіргі уақытта құзыретті энциклопедиялық білімі бар маман емес, өз білімін өмірлік жағдайларға қолдана білетін адам деп атауға болады. Жеке қасиеттер бағаланады. Кәсіби құзыреттіліктің (1 сурет) дамуы дегеніміз - жеке, кәсіби қасиеттерді дамытуға, сонымен қатар үздіксіз дамуды және өзін-өзі жетілдіруді қамтитын тәжірибе жинақтауға әкелетін процесс.



Сурет 1 - Мұғалімнің құзыреттілігі

Шетел тілі оқытушысының кәсіби құзыреттілігі туралы айта отырып, коммуникативті құзыреттілік ең маңызды деп айту керек. Мұнда студенттердің коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру бірінші орынға қойылады. Оқытушының жетістікке жетуінің басты көрсеткіші студенттердің алған білімдерін практикада қолдану болып табылады. Алайда, практика көрсеткендей, шет тілінде дұрыс сөйлеу және жазу қабілеттерінің бірі жеткіліксіз. Сондай-ақ, аударма тіліндегі елдің мәдениеті мен ойлау ерекшеліктерін, тарихын, дәстүрлерін білу қажет.

Шетелдік коммуникативті құзыреттілікті, шет тілінде нақты қарым-қатынасқа дайындықты қалыптастыру қазіргі мектепте шет тілін оқытудың негізгі мақсаты болып табылады. Қазіргі кезде жаңа стандарт ұсынған және оның талаптарына сай келетін ең танымал әдістеме - жобалау технологиясы. Соңғы жылдары жоба әдісі оқытушылар мен студенттер арасында көбірек қолдау табуда. Оның басты мақсаты: баланың өз бетінше ойлауын дамыту; оны білімді есте сақтап, көбейтіп қана қоймай, оны практикада, өмірде қолдана білуге үйрету. Шетел тілі курсына жоба әдісі кез-келген тақырып бойынша бағдарламалық материал шеңберінде қолданыла алады.

Біздің өміріміздің тағы бір шындығы: қазіргі заманғы мұғалім ақпараттық технологияның белсенді қолданушысы болуы керек, ақпараттық кеңістікте еркін сөйлесуі керек. Ғаламтор-ресурстарды белсенді қолданушы бола отырып, мұғалім әр түрлі халықаралық және республикалық олимпиадаларға қатысу арқылы өзінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндігі бар. Кәсіби шеберлік туралы айта отырып, мұғалім, әсіресе шет тілі - шетел тілі оқытушысы студенттің бойына кез-келген білімді сіңіруге ұмтылып қана қоймай, сонымен бірге студенттердің қыр-сырына үңіліп, көзқарастарын дамытатындығын ескеру қажет. топтың әрқайсысына, дәлірек айтқанда жеке көзқарас студенттерге өздерінің кәсіби білімдері мен дағдыларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқытушының креативтілігі оның тыңдаушылармен жақындасуының және ұжымды біріктірудің және қажетті құзыреттерді берудің кепілі, сондықтан ол оқытушының сапасы мен кәсіби деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Сондықтан шетел тілі оқытушысының кәсібилігі туралы айта отырып, оның өзін-өзі дамытуға ұмтылысы, оқытудың жаңа әдістерін үнемі қолдануы, шығармашылық қабілеттері мен дағдыларын қолдануы туралы айту керек.

Біздің уақытымызда оқытушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға барынша ықпал ететін біліктілікті арттырудың осындай формаларын және олардың үйлесімдерін іздеу өзекті болып отыр:

- педагогикалық және шығармашылық қызмет негіздерін меңгеру (жеке құзыреттілік);



- өзін-өзі жобалаудың, өзін-өзі жүзеге асырудың және рефлексияның негізгі қабілеттерін меңгеру (өзін-өзі құру құзыреттілігі);
- қоғамдық өмірде өзіне-өзі және өзара көмекке арналған коммуникативті әрекеттерді меңгеру (коммуникативті құзыреттілік);
- зерттеушілік іс-әрекеттің дағдыларын меңгеру (іздеу және зерттеу құзыреттілігі);
- жобалар мен бағдарламаларды құру әдістерін меңгеру (жобалау және бағдарламалық құзыреттілік).
- ақпараттық технологиялардың құзыреттілігі және т.б.

Қазіргі кезде көптеген әдіскерлер қазіргі заманғы шет тілі мұғаліміне қойылатын талаптарды түсініп, оқытушының «кәсіби құзыреттілігі» ұғымын жиі-жиі түсіндіріп отырады. Ғылыми әдебиеттерде «дағдылар», «қабілеттер», «функционалды компоненттер», «құзыреттілік» сияқты терминдер бар. Жалпы, бұл терминдер педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы мен мазмұнын сипаттау үшін қолданылады.

Белгілі бір мамандық мұғалімін даярлаудың компоненттері біліктілік сипаттамасында - кәсіби білім, білік және дағдылардың ғылыми негізделген құрамын көрсететін мұғалім құзыретінің нормативті моделінде көрсетілген.

Инновациялық технологияларды қолданудың жаңалығы

Жаңа инновациялық технологиялар – шетел тілі сабағында ғаламтор желісінен тікелей қолдануға болатын әдістемелік платформалар. Олар жаңа инновациялық технологиялар оқу үдерісінің тиімділігін жетілдіреді. Тілдік құзыреттіліктің қалыптасуына және шет тілін үйренудегі мотивтің жоғарылауына ықпал етеді. Шет тілін меңгеруге және шығармашылық үдеріске айналдыруға мүмкіндік береді. Сабақ барысында ғаламтор желісінен тікелей қосуға болатын платформалар: Kahoot.com, Socrative.com, Vocabulary.com, Flashcardmachine.com. Жаңа технологиялардың тағы бір түрі – жобалап оқыту технологиясы. Яғни жобалап оқыту технологиясында студенттерді екі, үш, төрт адамдардан тұратын командаларға бөліп, студенттер ұжымдық жұмыс жасайды.

Осы технологиялардың арқасында студенттерді ағылшын тілі сабақтарына интерактивті сабақтарға тартуға болады, әр студентті білім беру үдерісінің алдыңғы қатарына қойып, оны оқудың белсенді субъектісіне айналдыруға, оның басқа студенттермен шығармашылық қарым-қатынасын ұйымдастыруға және оған білім беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беруге болады.

Жобалап оқытудың маңыздылығы – білім алушыларды өз бетінше жұмыс жасауға тәрбиелейді. Ұжыммен (коллектив) бірге жұмыс жасап үйренеді. Өйткені жобалап оқытуда белгілі бір тақырыпты әр топқа (командаға) бөліп береді. Сол топтар өзара жиналып, бірге ақылдасып, жұмыс жоспарын құрады. Кім қандай бөлімдерін орындайды, өзара бөлісіп алады. Құрған жоспарлары бойынша материалдар жинайды. Материалдарын рет ретімен қойып, кім кімнен кейін сөз сөйлейтінін ақылдасып, қорғауға дайындайды. Жобалап оқытудың тағы бір қызықтырарлық жері – білім алушыларды бәсекеге қабілетті болуға да үйретеді. Өйткені олар басқа топ (команда) білім алушыларымен өздерін салыстырады. Қай топ жақсырақ көрсете білді өздерін. Салыстыра отырып өздерінің кемшіліктерін ұғынады, қай жерінде қандай сапаларын толықтыру қажеттігін түсінеді. Мысалы ағылшын тілі сабағында А тобына «My family» тақырыбы, ал В тобына «My favourite food» тақырыптары беріледі. Үшінші, төртінші топтар, олар енді топтағы студент санына байланысты. Бір топта 3 немесе 4 командалық топтар құрылуы мүмкін. А тобы презентация түрінде де, плакатқа да «отбасы ағашы» суретін салады, отбасы мүшелерін жазып қояды, кім қаншада, аттары,



кім қайда кім болып жұмыс жасайды, т.б. ақпараттарды жазып қояды. Кім кімге қандай туыс болып келеді, мысалы: жеңгесі, келіні, жиені, қайын атасы, қайын енесі, күйеу баласы т.б. да отбасы туыс атауларын ағылшын тілінде жазып қояды. Осылайша оқушылар өз тақырыптарын ағылшын тілінде қорғайды, айтып шығады. Отбасы мүшелерінің қайда жұмыс жасайтындарын түрлі түсті суреттермен бояп, басқа тыңдарман оқушылардың назарын өздеріне қаратарлықтай әдемі безендіреді. Power Point-та слайдтар көрсету барысында арасында ғаламтордан видеолардан үзінділерін кесіп, слайдқа жалғап, музыкамен жалғастырып, қызықты етіп көрсетіп айтып шығады. А тобында 4 білім алушы болса, біреуі отбасы мүшелерінің аты жөндерін айтады, таныстырады, туыстық қатынастарды, мысалы атасы, немересі, жеңгесі т.с.с айтып шығады. Топтың екінші мүшесі отбасы мүшелерінің жұмыстарын айтып шығады: анасы мектепте мұғалім болып жұмыс жасайды, әкесі зауытта инженер, атасы мен әжесі зейнеткерлер, ағасы заңгер, жеңгесі мектепте мұғалім, анасы жұмыс жасамайды, үй шаруасындағы әйел деп егжей-тегжейлі айтып өтеді. Осылайша топтық дайындалған жұмыс ағылшын тілінде қорғалады.


Шетел тілін оқытудың тиімділігін арттыру әр түрлі оқыту әдістері мен әдістерін шебер ұштастыруға байланысты. Осылайша, білім беру процесінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясының кейбір әдістерін қолдана отырып, студенттерді шетел тілі сабақтарына интерактивті сабақтарға қатыстырып, алған білімдерін кейінгі өмірде қолдана алатын және қоршаған әлемге бейімделе алатындай етіп шығармашылық қабілеттерін дамыту өте маңызды. Сыни тұрғыдан ойлау процесіне қатысу арқылы олар өз бетінше білім алады, ой бөліседі, білімдері мен дағдыларын күнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қолданады, өз ойлары мен идеяларын жасайды, тұжырымдайды, үйренеді.

Сондай ақ шетел тілі сабақтарында интерактивті тақталардың, лингофондық кабинеттер, проекторлардың жабдықталуы да сабақ барысын тиімді де қызықты өткізуге көп көмегін тигізеді. Аталған құрал жабдықтар студенттердің өз бетінше қосып, түрлі жобалық жұмыстар өткізу барысында, шетел тілі сабағында рөлдік ойындарға қолданып, бейнепрезентациялар көрсету барысында қолданып, студенттер өздерінің құзіреттіліктерін арттырып, өзін дамытады. Жаңа инновациялық технологияларды шетел тілі сабағында пайдалану келесідей нәтижелерге жеткізеді:

- ◆ еркін ойлау мүмкіндігіне ие болады;
- ◆ ой өрісі кеңиді;
- ◆ шығармашылық қызығушылығын арттырады;
- ◆ сөз қорындағы тіл байлығы толығады;
- ◆ өз бетінше ізденеді;
- ◆ кез келген ортада өз ойын жеткізіп айтатын болады;
- ◆ ұжымдық жұмыстарда тәрбиеленеді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Тақырыптың зерттелу деңгейі 1 курс студенттерінің сабақ барысында жүргізілді. Аталған платформаларды арнайы біліктілік арттыру курстарынан сандық, инновациялық және мультимедиа технологияларын үйрендік. Ғаламтор желісінен тікелей пайдаланылатын socrative.com платформасы (2 сурет) қазіргі таңдағы пандемия жағдайында студенттердің үй тапсырмаларын қашықтықтан тексеріп, бағалауға өте ыңғайлы платформа.



Сурет 2 - Socrative.com ғаламтор платформасы

Оқытушы алатын бақылау жұмысын алдын ала socrative.com арнайы шаблондарына (3 сурет) теріп, салып, аталған платформаға жүктейді.

	A	B	C	D	E	F	G	H	
1	Instructions: Please fill in the below quiz according to the 5 steps below. You may then import the quiz into your Socrative account by selecting "My Quizzes" --> "Import Quiz" --> and selecting the relevant quiz to import. Please use only alphanumeric characters in the template.								
2									
3	1. Quiz Name:	EF // Grammar // -ed, -ing endings							
4									
5	4. If you selected multiple choice question, enter answers below each column:								5. Options
6	2. Question Type:	3. Question:	Answer A:	Answer B:	Answer C:	Answer D:	Answer E:	one or more	
10	Multiple choice	If there is an _____ show on TV, I'll watch it. If not, I'll go to bed.	interesting	interested	is interested	are interested	will be interested	A	
11	Multiple choice	Sometimes it sounds like they are arguing. Maybe they are just _____ about what they are talking about.	excited	exciting	will be exciting	is exciting	not exciting	A	
12	Multiple choice	Choose the correct translation of "подводное плавание"	scuba dive	jumping	skating	skiing	jogging	A	
13	Multiple choice	Choose the correct translation of "скалолазание"	rock climbing	cooking	scuba dive	drawing	dancing	A	
14									
Quick Quiz Quick Quiz (копия)									

Сурет 3 - Socrative.com платформасына тест сұрақтарын алдын ала жүктеу

Содан соң бақылау жұмысы уақыты болғанда, оқытушы socrative.com "Teacher's room" ашады, студенттер "Teacher's room" кіріп, тапсырмаларды орындайды. Аталған платформа тест, бақылау жұмысы аяқталған сәтте, студенттердің балдарын автоматты түрде қойылады. Балдарын студенттерге жіберуге болады.



	A	B	C	D	E	F	G	H
6	Student Name	Student ID	Total Score (%)	Number of Correct Answer	France is _____ than Switz	Chinese language is _____	June and July are _____ th	Vegetables are _____
7	Aidana	-	60	9	A. bigger	A. more difficult	E. the hottest	E. the most healthies
8	Almukhanbetova Akerke	-	100	15	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	A. healthier
9	Amir Aliyev	-	80	12	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	A. healthier
10	Asilbek Erke	-	66,67	10	D. the biggest	D. the difficultest	A. hotter	C. the healthiest
11	Asylzat Zholdasbek	-	66,67	10	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	B. very healthy
12	Azhibek Ayazhan	-	73,33	11	C. so big	A. more difficult	A. hotter	A. healthier
13	Zhnelya	-	26,67	4	D. the biggest	E. very diccicult	B. the most hot	C. the healthiest
14	Maratova Sabina	-	53,33	8	A. bigger	D. the difficultest	A. hotter	E. the most healthies
15	Seitakhmet, Aisha	-	100	15	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	A. healthier
16	Suleimanova Arai	-	66,67	10	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	A. healthier
17	Temirlan	-	93,33	14	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	C. the healthiest
18	Zhumatkhankizi Algerym	-	80	12	A. bigger	A. more difficult	A. hotter	A. healthier
19	Class Scoring		72,22	10,83		75	75	83,33
20								
21	Report Generated: March 15, 2021 10:20 AM +00:00							
22								

Сурет 4 - Socrative.com платформасындағы тест қорытындысы



Сурет 5 - Жаңа технологиялардың бірі – жобалап оқыту.

Тақырыптың тәжірибелік бөлімінде сөз болатын жобалап оқыту технологиясы өте қызықты, студенттерге тартымды технология болды (5 сурет). Жобалау орыс тілінен аударғанда «проектирование», латын тілінен аударғанда «projectus» деген ұғымды білдіреді. Яғни алға қарай талпыну, жүру дегенді білдіреді. Жобалап оқыту технологиясын студенттің өзіндік жұмысын орындау барысындағы зерттеуде студенттерге ұнағанын байқадық. Ғаламтор желісінен тікелей сабаққа байланыстыруға болатын әдістемелік платформа болсын, жобалап оқыту әдістемесі болсын, тәжірибе жүзінде сабақта студенттермен біріге отырып қолдану – көптеген нәтижелер көрсетті.

Қазіргі кезде білім беру орындарында: мектептерде, колледж, жоғары оқу орындарында кеңінен пайдаланылып келе жатқан инновациялық жаңа технологияларды мектеп деңгейінде пайдалануды ұсынған ғалым әдіскерлер, ұстаздардың еңбектері өте көп. Көптеген оқулықтар, әдістемелік нұсқаулықтар шығарыла бастады. Ресейлік Куличкова Е.А., Чубенко Е.Н. секілді ұстаздар жалпы білім беретін орта мектептерде



жаңа инновациялық технологияларды пайдаланудың тәжірибелерімен бөлісіп келеді. Өр түрлі инновациялар: жобалар, рөлдік ойындар, технология элементтері, сахналандыру, АКТ, «Тілдік Портфолио» тәсілдерін қолдану арқылы ағылшын тілі сабағында шығармашылық белсенділікті дамытуға қарастыру. Сыни тұрғысынан ойлау, миға шабуыл технологиялары білім берудің инновациялық түрлерін отандық және шетелдік әдістемелік әдебиеттерде оқытудың инновациялық түрлерін зерттеу, ағылшын тілі сабағында қолдану тәжірибесін жинақтау болып табылады [6, 37]. Полилова Т.А., Понаморева В.В. т.б. Ресейлік ұстаздар жалпы білім беретін мектептерде жаңа инновациялық технологияларды қолдану тәжірибелерімен бөлісіп, онлайн ғылыми педагогикалық конференцияларда бөліседі. Жаңа инновациялық технологияларды қолдану теорияларын ұсынған отандық біршама әдіскер ұстаздар да бар. Мысалға айтатын болсақ: Нұрахметов Н., Қабдықайыров Қ., Жүнісбек Ә., Раджерс А., Көшімбетова С., Нағымжанова Қ. секілді отандық ғалым әдіскерлердің ұсынған теориялық әдістемелік еңбектері кең танымал.

Тақырыптың мақсаты:

Шетел тілін үйретудегі инновациялық жаңа технологияларды қолданудың тиімділігін іс жүзінде, шетел тілі сабағында тәжірибе өткізу арқылы қорытындылап көрсету және әдістемесін ұсыну.

Өркениетті әлемдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен ақпараттық даму елдің дәстүрлі білім беру жүйесінен жаңа технологияларды қолдануды талап етеді. Шынында да, қазіргі кезде заманымыздағы техниканың дамуы мен ғылым саласы ары қарай қарқынды даму үшін білім саласының толықтай жаңа технологиямен жабдықталғанын қажет етеді. Мұндағы жаңа технологиялық жабдықтау дегеніміз белгілі бір құрал саймандармен емес, жаңа технологиямен етене байланысып, жоғары дәрежелі болу дегенді білдіреді. Сондай ақ еліміздің дамуының кез келген бағытын анықтайтын заманауи білімнің маңыздылығына ерекше назар аударылып, жоғары дәрежелі білімді болу үшін міндеттер қойылды. Білім беру үрдісіне деген көзқарас та өзгере бастады, оқытудың жаңа түрлері, әдістері мен технологиялары пайда болды, бұл білім беру мазмұнын толығымен жаңартуға әкелді.

Басты мақсат – білім саласына жаңа технологияны енгізу болып отыр. Осы жаңа технология жайлы айтар алдында, жалпы «Технология» терминіне қысқаша тоқтала кетейік және «Технология» терминінің теориялық тұрғыда салыстыра кетейік. Техника мен технология терминдерінің айырмашылығы бар. Техника дегеніміз – ол белгілі бір өндірістерде қолданылатын құралдар, саймандар, жабдық. Ал технология болса – белгілі бір істі орындау барысында қолданылатын тәсілдер жинағы [7, 9].

Жаңа формацияның қазіргі заманғы мұғалімінің моделінде интеллектуалды, коммуникативті және идеологиялық сияқты негізгі құзыреттіліктерді анықтауда тәжірибеде қолданылатын ең тиімді әдістер:

Компьютерлік технологияларды, оның ішінде мультимедиялық сабақтарды (6 сурет) қолдана отырып, көптілді білім беру.



Сурет 6 - Мультимедия құрылымы

Тақырыпты зерттеу әдістері. Шет тілін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау; озық тәжірибені зерделеу, қорыту және бақылау. Ал осы жаңа технологиялық ғылымды зерттеген және оны білім беру үрдісіне енгізуге ұсыныс жасаған келесідей ғалымдарды, әдіскерлерді, ұстаздарды айта кетуге болады: Ресейлік Беспалько В.Б., Данилов В.В., Дьяченко В.К. т.б. Ал тәжірибе жүзінде зерттеулер жүргізген: Ильина Е.Н., Лысенкова С.Н., Шаталов В.Ф. секілді ғалымдар болды.

Куличкова Е.А., Чубенко Е.Н. секілді ұстаздар жалпы білім беретін орта мектептерде жаңа жаңа инновациялық технологияларды қолданудың маңыздылығын еңбектерінде айтып өткен болатын. Ал Полилова Т.А., Понаморева В.В. т.б. секілді Ресейлік ұстаздар жалпы білім беретін мектептерде жаңа инновациялық технологияларды қолдану тәжірибелерімен онлайн өтілген ғылыми педагогикалық конференцияларда бөліскен болатын. Жаңа инновациялық технологияларды қолдану теорияларын ұсынған Қазақстандық біршама әдіскер ұстаздар да бар. Мысалға айтатын болсақ: Нұрахметов Н., Қабдықайыров Қ., Жүнісбек Ә., Раджерс А., Көшімбетова С., Нағымжанова Қ. секілді отандық ғалым әдіскерлердің ұсынған теориялық әдістемелік еңбектері кең танымал.

Осы аталған Ресейлік және отандық ғалымдар, әдіскерлер, ұстаздар ұсынған ғылыми педагогикалық еңбектерін, ұсыныстарын жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында жүзеге асырылып келеді. Сондай ақ осы аталған ғалым, әдіскерлер және ұстаздар ұсынған әдістемелер тек теория жүзінде шектеліп қоймай, тәжірибе жүзінде шетел тілі сабақтарында ойын технологиялары, басқа да көрнекі құралдар арқылы жүзеге асады. Соңғы заманауи талаптарға сай, жаңа технологиялармен де ұштастырылып жатыр. Ол жаңа технологиялардың бірі – ғаламтор желісінен тікелей сабақта қолданылатын әдістемелік платформалар.



Аталған әдістемелік платформалар сабақ барысында студенттердің дәстүрлі сабаққа қарағанда қызығырақ өтілетіні педагогикалық тәжірибе кезінде де байқала түсті. Өйткені сабақ барысында жаңадан енгізіліп жатқан жаңа технологиялар, соның ішінде интерактивті тақталар қосылып, проекторлармен ғаламтордан тікелей әдістемелік платформалардан жаңа тақырыптар түсіндірілген кезде студенттер ерекше зейін қойып тыңдайды. Кітаптан оқыған теория бір басқа, сол теорияны сабақ барысында студенттермен шынай түрде қолданған бір басқа. Визуалды түрде көрген ақпараттар тартымды да қызықтырақ. Айтылып жатқан ақпаратты көзге де ойша да елестетуге болады. Сабақ барысында, түсіндіру барысында уақыт шектеулігін ескере отырып, қажет уақытында визуалды ақпаратты тоқтатуға болады. Қажет жағдайда қайта қосып, жалғастыруға болады. Сондай ақ студенттер өз бетінше ғаламтор материалдарын қолдануды, дәріс бөлмесіндегі жаңа технологиялық құралдарды қолданып үйренеді. Яғни техникалық құралдарды меңгеріп пайдалануды үйренеді.

Қазіргі таңда, ақпарат іздеудегі басымдық Ғаламторға көбірек берілуде, бұл білім беру процесінде өте қажет ақпараттық көздерді ұсынады. Бұған желідегі Web және FTP серверлерінде орналастырылған негізгі ақпарат кіреді; электрондық пошта арқылы жіберілген жедел ақпарат; барлық ақпараттық орталықтардың әр түрлі мәліметтер базасы; ғаламтор-дүкендер арқылы таратылатын кітаптар мен журналдар туралы ақпарат және т.с.с., Ғаламтордың ақпараттық ресурстары оқу процесіне органикалық түрде еніп, шет тілі сабақтарында әртүрлі дидактикалық міндеттерді шешуге көмектеседі, мысалы:

- оқу дағдыларын дамыту;
- үйреніп жатқан тілдің сөздік қорын толықтыру;
- жазу дағдыларын жетілдіру, мысалы, серіктесіңізбен сөйлесу барысында жауап құрастыру кезінде;
- Ғаламтордағы түпнұсқа дыбыстық мәтіндер негізінде тыңдауды жетілдіру;
- тілін үйреніп жатқан елдің мәдениетімен, сөйлеу этикетімен, сөйлеу әрекетінің ерекшеліктерімен танысу;
- монологтық және диалогтық мәлімдемелер жасау қабілетін жетілдіру;
- шет тіліндегі сөйлеу әрекетінің мотивациясын қалыптастыру және академиялық жазудың ерекшеліктерін білу.

Сондай ақ шетел тілі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың қолданылу ерекшеліктері де өте маңызды. Ғылымның дамуы елеулі техникалық прогреске жол ашатын уақытта, білім беру жұмысында жақсы нәтижеге жету үшін ғылыми-техникалық жетістіктерді оқу процесінде кеңінен қолдану қажет. Соңғы кезде шет тілдерін оқытуда бейнені қолдану өзекті бола бастады. Бейнефильмдер білім алушының визуалды және есту тәжірибесіне бірдей әсер етеді. студенттердің сөйлеу дағдыларын дамыту үшін шет тіліндегі бейнелер де қолданылады. Білім алушылардың белсенділігін арттыруға, олардың өз бетімен жұмыс жасау, ойын, тілдік қабілеттерін дамыту, әртүрлі тақырыптарда сөйлеуге үйрету үшін бейнероликтер өте пайдалы.

Шетел тілін үйрену процесін жеңілдету және жетілдіру үшін сабақта техникалық құралдарды, оның ішінде бейнематериалдарды пайдалану дидактикалық тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да маңызды:

- Бейнежазбалар студенттерге фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалдарды үйренуге және оны интенсивті түрде шоғырландыруға көмектеседі.



- Бейнероликтер оқытушыға дәрісханадағы жұмысты өмірге әкелуге мүмкіндік береді.

Шет тілін үйренгісі келетін адамдардың көпшілігі нақты қажеттіліктерге қол жеткізе алмайды. Сондықтан, тілді ұмытпау үшін үнемі шетел тілін тыңдаған дұрыс. Осы тыңдау әдісінің арқасында көптеген студенттер қысқа уақыт ішінде шет тілін үйренеді. Егер біреу бұл елге келіп, аударма тілін үйрене алмаса, аудиокітаптар негіз болып табылады.

Аудиокітаптар - жазбаша және ауызша мәтіндердің синтезі. Тыңдаушы экрандағы мәтінді тыңдап, оны сөйлеуші сөйлеген сәттен бастап бір уақытта бақылайды.

Кәсіби спикер оқыған аудиокітапты тыңдау тіл үйренуге айтарлықтай ықпал етеді. Американдық және британдық ғалымдардың әртүрлі зерттеулеріне сәйкес, бұл шағын тәсіл оқулықта берілген жаңа сөздерді есте сақтауға кететін уақытты 30% -ға қысқартады. Бұл әртүрлі факторларға байланысты, олардың ішіндегі ең маңыздысы мидың оң және сол жақ жарты шарларының синхронды жұмысы. Бұл алынған білім көлемін және сөйлеу дағдыларына қосымша тәсілдерді арттырады.

Сонымен, аудиокітаптар тыңдаушының сөздік қорын кеңейтіп қана қоймай, оның ауызекі және жазбаша сөйлеуді түсінуін жеңілдетеді. Олар сөздік дикция мен айтылымды дамыту құралы ретінде қолданылады. Аудиокітаптар - бұл ақпаратты игеру мен тез түсінуді жеңілдететін қуатты және икемді жүйе. Аудиокітаптармен ағылшын тілі коммуникация құралына айналды. Қазіргі кезде мұғалімдердің көпшілігі аудио кітаптарды оқыту процесіне енгізудің маңыздылығын түсінеді. *Аудиокітаптарды пайдаланудан күтілетін нәтижелер:* Аудиокітаптар тілдік сауаттылық пен сауаттылықты арттырады. Олар сөздік қорын молайтады, қиялын оятады және оқу жылдамдығын арттырады. Аудиокітаптардың көмегімен айтылу схемаларымен, сөйлем құрылымдарымен таныса алады.

Тақырыптың теориялық және әдістемелік негізі. Шетелдік және отандық әдіскер-ғалымдардың теориялық қағидаларына негізделіп отырып, жаңа технологияларды пайдалануды тәжірибелік бөліммен байланыстыру.

Бұл тілдік құзыреттіліктің қалыптасуына, шет тілін оқудағы мотивтің жоғарылауына ықпал етеді. Демек, шет тілдерін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану өзімен бірге орасан зор педагогикалық әлеуетті көтереді, бұл шет тілін меңгеруді шығармашылық үдеріске айналдыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта білім беру үрдісінде болып жатқан өзгерістер керемет бастамалар мен жаңаша құрылулар – жаңаша жол ашқандай. Ал осы жаңаша жолда біздің болашақ ұрпаққа сапалы білім беру үшін – ұстаздарымыздың заманымыздың ағымына, уақытына сәйкес білімдерін, біліктіліктерін көтеру басты мақсат болып отыр. Ал мұғалімдердің мұндай жетістіктерге жету үшін, заман талабына сай, білім беру стандартына сай қазіргі заманауи жаңа технологияларды меңгерту мақсатында ұйымдастырылған түрлі пайдалы біліктілік көтеру курстарынан өткізу негізделіп отыр. Сондай ақ көптеген біліктіліктерін арттыру курстарынан алған білімдерін, тәжірибелерін өмірде ұлағатты істерімен ұштастыру болып табылады. Оқыту мен тәрбиелеу – білім беру үрдісінде қатар жүретін тәжірибе. Ал осы оқыту мен тәрбиелеу – білім беру үрдісінің сапасын жақсартуды талап етеді. Осындай жағдайға байланысты білім беру үрдісінің сапасын арттырудың көптеген тәжірибелер бар.



Көптеген ғалымдар, әдіскерлер «Педагогикалық технология» сөзін келесідей түсініктермен және өздерінің жеке пікірлерімен бөлісті:

- «Технология» - қалыпты өзгерту, өңдеу әдістері, өнері, шеберлігі, іскерлігі жөніндегі ғылым жиынтығы. (В. М. Шепель)

- «Педагогикалық технология» - жоспарланған оқыту нәтижелеріне жету процесін сипаттау болып табылады. (И. П. Волков)

- Педагогикалық технологиялардың даму сатыларын жан - жақты қарастырып зерттеген ресейлік ғалымдар – Ф. А. Фрадкин, Е. Ю. Рогачева, Л. И. Богомолова [8, 32].

Ал осы білім беру саласындағы жаңа технологияның тигізер зор пайдасы:

1. Білім алушының өз бетімен жұмыс жасау мүмкіндігі бар, оған дағдыланады;
2. Білім алушының жеке қабілеттері анықталады;
3. Іштей біз бір-бірімізден қалмауға тырысамыз;
4. Тапсырманың қиындық деңгейіне байланысты білім алушының ойлау және орындау қабілеті артады;
5. Өзіндік жұмысқа дағдыланады;
6. Оқытушының жеке білім алушыларға көмектесу мүмкіндігі бар;
7. Орындау қабілеті бойынша бағаланады.

Қазіргі таңда білім алушыларға білім беру үрдісінде ең басты мақсаттардың бірі – тек білім беріп қана қоймай, сондай ақ өз бетінше жұмыс жасауға, яғни ұжымдық жұмыстарға бейімделуге, ой өрістерін дамытуға өз бетінше атсалыса алатын, тапқыр, ашық, ақпарат көздерін өз бетінше қолдана алатын, қабілетті және талантты жастарды тәрбиелеу. Ұстаз үнемі дамып келе жатқан баланың ішкі мінезі мен мінезінің қалыптасуына ерекше әсер етеді.


Тәжірибелік бөлім. *Шетел тілі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың қолданылуы*

Білім алушының нәтижелі оқу іс-әрекетін, дербестігі мен шығармашылығын дамыту мұғалімнің өзі дербес, креативті және икемділікке, кәсіби бейімделуге және үздіксіз шығармашылыққа қабілетті болуын талап етеді. Мұғалім мамандығының құзыреттілігі – тиімді білім берудің негізі – ол мұғалімнің ой өрісінің дамығандығы, білімді болуы, өз жұмысының хас шебері болумен, сондай ақ көптеген білім беру орталықтары ұйымдастыратын түрлі курстарға қатысып, біліктілігін арттыруымен бағаланып, өлшенеді. Егер оқытушы қаншалықты білімді және шығармашыл болатын болса, сол оқытушының құзыреттілігі де соншалықты білімге бай болады.

Шетел тілі сабағында компьютерлік оқыту бағдарламаларымен жұмыс істеу формаларына мыналар жатады: сөздік қорын үйрену; айтылымға үйрету; диалогтық және монологиялық сөйлеуді үйрету; жазуды үйрену; грамматикалық құбылыстарды зерттеу.

Ғаламтор-ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері өте зор. Жаһандық ғаламтор әлемнің кез келген нүктесіндегі студенттер мен мұғалімдерге барлық қажетті ақпаратты ұсынады: аймақтық география, жастардың өмірінен жаңалықтар, газет-журнал мақалалары және тағы басқа ақпараттар қабылдауға жағдай жасайды.

Қазіргі таңда шетел тілі пәнінен көптеген онлайн әдістемелік платформалар бар. Сол платформалардың бірі Kahoot.com платформасы. Kahoot платформасы (7 сурет) еліміздің көптеген аймақтарында жалпы білім беретін мектептерде, орта білім беретін колледждерде және жоғары оқу орындарында да кеңінен қолданылып келеді.



Сурет 7 - Тапсырманы дұрыс орындаған студентке берілетін орын, марапат

Осы Kahoot платформасын студенттер тез меңгеріп алды, өйткені олар осы ақпараттық технологиялар, электроника саласында білім алып жатқаннан кейін, ғаламтор желісіндегі осы платформаны меңгеру қиынға соқпады. Біз топ студенттеріне жобалап оқыту технологиясын қолдануды жөн көрдік. Оқу жоспары бойынша ағылшын тілінен грамматика Comparative and Superlative Adjectives болды. Жобалап оқыту технологиясы бойынша оқушыларды 3 командаға бөлдік. Әр команда өзара араларынан лидер, яғни жетекші сайлап алды. Әр командаға тақырыптар берілді, берілген тақырыптарын қорғайтын күні, уақыты белгіленді. Балалар жұмысқа кірісіп кетті.

Белгіленген уақыт та келіп жетті. Оған дейін біз де сабаққа қосымша грамматикалық жаттығулар, ойындар, интерактивті тақтаға ілінетін сол күнгі сабаққа қажетті қосымша суреттер ілінді. Сабаққа активті-үлестірмелі материалдар таратылды. Проектор қосылды. Жаңа технология жобалап оқыту бойынша бірінші «Рауан» тобымыз ортаға шықты. Топ құрамында 5 студент. Проектор арқылы дайындаған бейнепрезентацияларын көрсетті. Тақырып: “A country, where I would like to travel”. «Рауан» тобы Еуропада орналасқан Швейцария елін таңдады. Екінші болып «Жас талап» командасы планетамыздың салқын жерінде орналасқан Аляска жерін таңдапты. Әдетте саяхат, туризм десе көз алдымызға Еуропа, Азия, Америка елестеуші еді. «Жас талап» тобы таңдауымен бәрімізді таңқалдырып қоймай, тәнті етті десек те болады. Көктемі мен жазы кеш түсетін Аляска елінің сұлу табиғатына мән бере бермейді екенбіз. Оқушылармен тамашалап отырып, керемет әсер алдық. Ал үшінші «Торғын» тобы тіпті таңқалдырды, ешқандай да шет мемлекеттері емес, өзіміздің туған отанымыз Қазақстанды таңдады. Аталған 3 тобымыз өздері таңдаған елдердің климатын, орналасқан жерін, астанасы, ірі мегаполис қалалары, көрнекі жерлері туралы, білім беру жүйесі туралы, т.б. ақпараттармен бөлісті. Грамматика Comparative and Superlative Adjectives колдана отырып, бір елдің ішіндегі басқа қалаларымен салыстырды: The buildings of this town are taller than the buildings in the city. The buildings of our city are more modern and more beautiful than that town. Almaty is the biggest city in Kazakhstan. т.б. сөйлемдермен салыстырылды. Бұл технологияның мақсаты: студенттер өз бетінше белгілі бір тақырыпқа ақпараттар, материалдар жинайды, ұжымдық жұмысқа тәрбиеленеді яғни бір бірімен бірлесе, ақылдаса отырып шешеді. Сондай ақ дәрісханада



жабдықталған жаңа жабдықтарды да қолдануды үйренеді. Ғаламтор ресурстарын дұрыс пайдалана білуді үйренеді.

Жаңа технологияның бұл түрі «Жобамен оқыту» студенттерге де ұнады. Студенттер осы белгіленген күнге аса жауапкершілікпен қарады. Бар ынталарын салып дайындалды. «Жобамен оқытудың» бұл тәсілінің тағы да бір тиімді жері – студенттер тақырыпқа қатысты Vocabulary (сөз қорына) жаңа сөздер қосты. Сабақ барысында ағылшын тілінде сөйлей алмаймын деп өзіне тосқауыл (барьер) қойып отырған кейбір студенттер бар күшін салып, намысқа тырысып, сөйлеу әрекетін жақсы машықтандыра білді. Студенттер осы жобалары дайын болғанша, сабақтан тыс бізге келіп, ақыл кеңес сұрап жүрді. Студенттерге қолдау көрсетіп, бағыт бағдар беріп отырдық. Осылайша студенттермен біріге отырып жасаған жұмысымыз өте қызықты да, мәнді, тиімді, пайдалы болды.

Ағылшын тілі сабағында мультимедианы қолдану арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру

Қазіргі ХХІ ғасырда шет тілдерін қолдану аясын кеңейту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осыған байланысты білім беру ұйымдарында ағылшын тілін оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдері бойынша зерттеулер жүргізіліп, оларды енгізу бойынша шаралар қабылданды. Бұл мәселелерді шешу үшін әр мұғалімде жаңа тәжірибе, жаңа ақпараттық технологиялар, әлеуметтік, жеке және жеке құзыреттіліктер болуы керек, бұл күнделікті жаңалықтарды енгізу арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістер жасауға мүмкіндік береді, сонымен қатар күнделікті әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырады.

Еліміздің жарқын болашағын көтеретін болашақ мамандарды даярлайтын да ұстаздар. Заманауи мұғалім тек осы пәннің терең білгірі ғана емес, сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы тарихи-когнитивті, педагогикалық-психологиялық сауаттылығы, саяси және экономикалық білімдері бар құзыретті ақпарат маманы болуы керек. Осы аталған сапаларды бойына сіңірген мұғалім ағылшын тілі сабағында компьютерлік желілерді, презентациялар мен мультимедиялық-электронды құралдарды терең әрі тиімді қолдана алады.

Тиімді бағдарламалардың бірі – Power Point, Canva.com. Ол мұғалімге дидактикалық материалдардың көп мөлшерін ұсынады және қысқа мерзімде компьютерде жұмыс істеуге дағдыландыруға көмектеседі. Бұл оқушылардың әр түрлі қабілеттерін ашады. Қазіргі таңда ағылшын тілі сабақтарында жаңа технологияларды қолдану – оқытушылардың біршама күрделі де жауапты жұмыстарын жеңілдетеді. Білім алушылар да сабақ барысында оқытушымен біріге отырып жаңа технологияны бірге меңгереді, білім алушылар жаңа технология арқасында ақпараттық коммуникация құралдарын еркін меңгеруді үйренеді. Осы жаңа технологияның жаңа құралдарымен білім алушылар өздерінің шығармашылық дағдыларын қалыптастыра бастайды, дамытады және ары қарай ізденіп, жұмыс жасайды. Осы кезде білім алушылардың ағылшын тілі сабағында қызығушылықтары мен белсенділіктері артады,

Ағылшын тілі сабағында түрлі мультимедия материалдарын және интерактивті тақтаны пайдалану кезінде:

- жаңа сөздерді үйретеді;
- сөйлеу тембры; диалогтар, монологтар, сондай ақ түрлі ойындар;
- құттықтаулар және басқа да жазбаша жұмыстар жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды үйретіп, сол үйреткен ақпараттарды оқушылардың есінде сақтауды үйретеді.



Жаңа инновациялық технологиялар, соның ішінде ақпараттық технологияларды қолданудың мақсаты - мұғалімдерге шет тілінде қарапайым деңгейде қарым-қатынас жасауға баулиды. Сондай ақ ағылшын тіліндегі мәтіндердің мазмұнына қарай ауызшы айтып беруге көмектесетін сөздер, басқа да ауызшы және жазбаша жұмыстарға жаттығулар беріледі.

Кәдімгі мультимедиялық құжаттардан айырмашылығы, оларға дәстүрлі мәтіндік және графикалық мәліметтерден басқа аудио және музыкалық нысандар, анимациялық графика және бейнеклиптер кіреді. Оқыту процесінде мультимедияны қолдана отырып, оқытудың әртүрлі жолдарын үйретуге болады. Атап айтқанда, мультимедиялық технологияларды қолдану арқылы оқыту келесі нәтижелер береді: оқу материалын терең түсіну; оқуға деген ынтасын арттыру; алынған білімді ұзақ уақыт есте сақтау; оқыту шығындарының төмендеуі және т.б.

Ағылшын тілі сабағында мультимедиялық технологияларды қолданудың маңыздылығы.

Ағылшын тілі сабағын білім алушыларға тек қызықты етіп өткізу үшін ғана емес, сондай ақ білім алушылардың жұмыстарын жобалау үшін, білім алушылардың қалай жұмыс жасап жатқандарын әрдайым бақылап отыру үшін, тексеріп отыру үшін оқытушының атқаратын жұмысы ерекше. Білім алушылармен осылай жобалау арқылы біріге жасаған жұмыс тақырып бойынша берілген жұмысты орындауға жеңілдетеді және ары қарай жаңа технологияны пайдалана отырып жаңа әдістерге көшуге зор ықпалын тигізеді.

Мультимедиялық технологияларды қолдану әдістері ағылшын тілі сабақтарында білім алушылардың ақпараттық мәдениетін арттыруға мүмкіндік береді, оқытады және білім туралы хабардар етеді; білім алушылардың заманауи ақпараттық технологиялар саласында дайындықтарын жақсартады.

Сабақта қолданылатын мультимедиа құралы оның сабақтың дидактикалық мақсатының бірлігіне тиімді және тиімді сәйкес келетіндігін көрсетеді: тәрбиелік жағы: білім алушылардың материалды қабылдауы; оқытудағы қарым-қатынас пен қатынас тақырыбын түсіну. Дамытушы аспект: білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын, жинақтау, талдау, салыстыру, білім алушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін дамыту дағдыларын дамыту. Тәрбиелік аспект: ғылыми көзқарастарға тәрбиелеу, топтық және жеке жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктерін білу, адамгершілікке тәрбиелеу, өзара көмектесу.

Қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес білімді, шығармашыл, өзін-өзі дамытатын жеке тұлғаны тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінеді. А.Байтұрсынов өзінің «Бұл мектептер» деген кітабында: «Мектеп пен пән мұғаліммен бірдей болады. Яғни, мұғалім білімді болса, балалар сондай білімді болады» деген. Жалпы білім беретін мектептерге педагогика мен әдістемені жетік білетін, білімді мұғалім қажет [9, 5].

Мұғалім адамның танымдық қабілеттерін дамытып, өзіне деген сенімділікті арттырып, оны өз іс-әрекетінен жағымды эмоциялар ала алатын деңгейге жеткізуі керек. Шетел тілін оқытудың басты мақсаты - оқытушыларға шет тілінде қарапайым деңгейде қарым-қатынас жасауға үйрету. Тиісінше, оқыту мазмұнына тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білімдер, қарапайым қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ететін дағдылар, қажет болған жағдайда мәдени және ауызша және жазбаша өзара әрекеттесу процесінде пайдалану мүмкіндігі мен дайындығы кіреді.

Мұға шабуыл (Brainstorming) әдісі

Бұл әдіс ой, идея, әңгіме жазудың қарапайым технологиясы. Ассоциативті түрде тез жазады. Тақырып ортада. Біріншіден, бұл сөздер, идеялар, ойлар. Идеялар ағыны бар,



санға шек жоқ, бәрі жазылған, біз сол жақта, ал төменде оң жақта аяқтаймыз. Әдіс - бұл бір адамның немесе топтың жеке өнімі.

Жеке қабілеттерін көрсетеді, шығармашылыққа кеңістік жасайды,

Қолданудың мүмкіндіктері әр түрлі:

- материалды жүйелеу, қайталау кезінде;
- мәтінмен жұмыс кезінде;
- сабақ басында қайталау кезінде;
- тақырыпты енгізу кезінде;
- қажетті тілдік материал жинау кезінде;
- бақылауда.

Мысалға: Күні, Жыл мезгілі, Апта, Жұмыс күндері, Күнтізбе,

Мысалы «Демалыс күндері» (“My weekend”) деген тақырып берілсе,

Миға шабуыл арқылы оқушылар білетіндерінің бәрін атайды және тақырып бойынша ойларын жинақтап, барлық идеялары дұрыс немесе бұрыс болса да қабылдануы қажет. Мұғалімнің міндеті – оқушылардың ойларын мұқият тыңдап, ойларын ортаға салуға көмектесу.

Ағылшын тілі сабағында денаулықты күту технологиясын қолдану

Денсаулықты күту технологиясы көбіне жалпы білім беретін орта мектептерде кең қолданылады. Жалпы білім беретін мектептерде бастауыш сыныпта оқитын балалардың денсаулығына зиян келтірмейтін, шаршатпайтын технология туралы да айта кеткен дұрыс. Бұл дәстүрлі технологияларды толықтыратын және оларға денсаулықтың белгілерін беретін оқыту мен тәрбиелеудің барлық қағидаттарының, әдістері мен әдістерінің жиынтығы, оның мақсаты студенттер мен оқытушылардың денсаулығын қолайсыз жағдайлардан қорғау ғана емес, сонымен қатар тәрбиелеу оқушылардың денсаулық мәдениеті.

Денсаулығы нашар, шамадан тыс жұмыс жасайтын және жүйке жүйесі ауыратын балалар саны жыл сайын артып келеді. Баланың жеке ерекшеліктерін ескеру, баланың ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылығын, оқуға деген ынтасын, танымдық іс-әрекетін, қарым-қатынас дағдыларын дамыту қажет. Бастауыш сыныптағы оқушыларды тіл үйренуге деген ынтасын сақтау үшін екі тілді грамматикалық ертегілер мен рифмдерді қолдануға болады. Ертегі тыңдау - балалардың сүйікті іс-әрекеттерінің бірі. Оқушының қызығушылығы оның тілді үйренудегі жетістігіне байланысты. Ал егер оқушы өзінің алға ұмтылғанын көрсе, оған қызығушылық танытады, ол тақырыпты сүйсініп оқиды. Екі тілді ертегілер мен рифмдер психологиялық тұрғыдан негізделген [10, 87].

Жаңа технологияның бұл түрі бастауыш сынып оқушыларының ағылшын сөздерін және сөз тіркестерін оқушылардың естерінде сақтауларына, дамытуға және босаңсытып, эмоционалды әсер етуге көмектеседі. Екі тілді ертегілер мен рифмдер оңай және табиғи түрде тыңдауға, фонетикалық құлақты дамытуға үйретеді. Мұндай ертегі бүкіл сабақты қабылдамауы керек, ол грамматикалық материалды ұсыну кезінде қолданылады. Ертегіде берілген иллюстрацияланған материал лексикалық-грамматикалық материалды жақсы түсінуге және визуалды есте сақтауды дамытуға әсерін тигізеді [11, 115].

Ағылшын тілі сабағында түрлі ойындарды қолдану технологиясының, ойын және дизайн технологиясының әдістерін қолданудың арқасында білім оқушылардың ақыл-ой белсенділігі ынталандырылады, нәтижесінде олар сәттілік жағдайына көбірек ие болады. Позитивті эмоциялар материалды игеруді жеңілдетеді, шаршауды азайтады, баланың жоғары жүйке белсенділігін ынталандырады, сабақта психологиялық ахуалды



жақсартады, балалардағы неврологиялық реакциялардың алдын алады. Денсаулық сақтаудың қажетті шарты - педагогикалық процестің шығармашылық сипаты. Оқушының шығармашылық іс-әрекетке қатысуы ізденіс әрекеттерін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Денсаулық тұрғысынан сабақ қандай болуы керек? Сабаққа барысында мен әрдайым сыныпта тиісті микроклимат болуы керек (қалыпты температура, таза ауа, рационалды жарық, жағымсыз дыбыстық тітіркендіргіштер болмауы керек), сабақ бір ретті және бір ренді болмауы керек, әдістер мен тәсілдер белсенді болуы керек. шығармашылық, демалу сәттері (дене тәрбиесі, әзіл, мақтау). Сабақ сабырлы түрде аяқталуы керек, оқушыларды кешіктірмей немесе үй тапсырмасын шамадан тыс асырылмауы тиіс [12, 87].

Ойындарда оқушылар сөйлесудің басталуы, оны қолдай білу, әңгімелесушіні қажет уақытта үзу, пікірімен келісу немесе бас тарту, сұхбаттасушыны мақсатты түрде тыңдау және нақты сұрақтар қою сияқты қарым-қатынас элементтерін зерттейді. Ойындарда, сондай-ақ шет тілінде сөйлеу кезінде оқытудың барлық уақыты сөйлеу практикасына арналған, сөйлеуші белсенді ғана емес, тыңдаушы да белсенді.

Ойындар мектеп оқушыларының қызығушылықтарын қалыптастыруға оң әсер етеді, шет тілін саналы түрде меңгеруге ықпал етеді. Олар тәуелсіздік, бастамашылық және қоғамдастық сезімі сияқты қасиеттерді дамытуға көмектеседі. Студенттер белсенді, ынтамен жұмыс істейді, бір-біріне көмектеседі, құрдастарын мұқият тыңдайды; мұғалім тек білім беру процесін басқарады. Ойын процесінде мұғалім кейде өзі үшін рөл атқара алады, жақсырақ кішігірім рөл, сондықтан ойын оның басшылығымен дәстүрлі жұмыс түріне айналмауы керек. Оқушыларды қызықтыру және сабақты эмоционалды ету үшін жаттығулар бір типтегі болуы шарт емес. Ұсынылған іс-шаралар жоғары эмоционалды фонға ие болады.


Міне, ағылшын тілінде жаңа инновациялық технологиялардың бірнеше түрін мысалға келтіріп, олардың сабақ беру үрдісінде маңыздылығын айтып шықтық. Білім беру жүйесінде осындай ойын технологияларының маңыздылығын зерттеген ғалымдарды, әдіскерлердің теориялық тұрғыда зерттеген ғылыми жұмыстарын тәжірибе барысында қолданып, өте тиімді екенін көптеген ұстаздар ғаламтор желісінде, арнайы баспаларда бөлісуде.

Қорытынды. XXI ғасыр - жаңа технологиялар мен ақпараттандыру ғасыры. Тәуелсіз Қазақстан да сол ғасырға қадам басты. Бүгінгі күні біздің еліміздің болашағы, жас ұрпақ компьютерлердің барлық технологияларын меңгеру арқылы өз жұмысын жақсарта алады. «Білім беру реформасы - бұл Қазақстанның нақты бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі», - деді Мемлекет басшысы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы туралы жолдауында [13, 1].

Соңғы жылдары заман талабына сай күнделікті сабақтар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, компьютерлерді, электронды оқулықтарды, тілдік, электрондық байланыс, ақпарат алмасу, ғаламторды пайдалану, электронды пошта, онлайн сабақтар арқылы жүзеге асырылуда. Білім ошағының даму перспективалары қоғам дамып келе жатқанда үнемі өсіп отыратын ақпарат түрімен анықталады. Біздің еліміз жылдар бойы ұмтылған тәуелсіздік арқасында ағылшын тіліне деген ерекше ден қойыла бастады. Заманымыз жаһанданған сайын, компьютерленген сайын шет тілін оқыту әдістемесін де өзгертетін кез келді. Сондықтан да қазіргі білім беру салаларында ағылшын тіліне деген сұраныс жылдан жылға артып келеді. Сондай ақ заманауи жаңа технологияларды меңгеру талап етіледі.



Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияны қолдану – алға қойған мақсатқа тез қол жеткізеді. Көптеген шетелдік және отандық ғалымдар, әдіскерлер, ұстаздар ұсынған жаңа инновациялық технологиялардың сабақ үдерісінде қолданылуы өте маңызды мәселе. Ұрпағымыздың, болашақ мамандардың бәсекеге қабілетті болуына, шет тілін жетік меңгерген зиялы азаматы етіп тәрбиелеп шығару – алға қойылған үлкен мақсат. Осы мақсатқа жету үшін көптеген жағдайлар жасалуда, оқытушылардың шығармашылық деңгейін дамытуға, заманауи жаңа технологияларды жетік меңгеруге барынша курстар өткізіліп, озат мұғалімдер шет мемлекеттерінде әр түрлі мерзімдерде тағылымдамалардан (8 сурет) өтіп келіп жатады.



Сурет 8 - Жаңа технологиялармен қол жеткізетін нәтижелер

Қорыта келе, түйіндейтін ой, қазіргі таңда мемлекетіміздің педагогтардың алдына қойған басты мақсаттары:

- ◆ Болашақ ұрпақты тәрбиелеуге оқытушылардың біліктілігін арттыру;
- ◆ Қазіргі заманғы мұғалім - рухани дамыған және әлеуметтік жағынан жетілген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерінің шебері болу;
- ◆ Үнемі жетілдіріліп отыратын білікті маман жаңадан бастаған шығармашылық тұлға болуы керек;
- ◆ Әр оқытушы оқытудың жаңа инновациялық технологиясының әдістерін меңгеріп, білім алушының дамуына бағыттау;
- ◆ Қазіргі заманауи жаңа инновациялық технологияларды тиімді пайдалана отырып білім алушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын тудыру;



- ◆ Ағылшын тілін үйретудегі инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігін теориялық негізде көрсеткендей, тәжірибе жүзінде іске асыру;

- ◆ Жаңа технологияларды оқу үдерісіне енгізу;

- ◆ Жаңа технологияларды пайдалана отырып, кәсіби білімді, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық құндылықтарды бағалап, дамытуға қабілетті, рухани бай және адамгершілігі мол тұлға қалыптастыру.

Осылайша, Ағылшын тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды қолданып, білім алушылардың ағылшын тілі сабағына деген қызығушылықтарын арттырудың, рухани дамыған ұлағатты ұстаздың басқа адамдардың дамуына негіз бола алатыны – өте маңызды. Ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің «Бала балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа құйып, қандай мүсін жасаймын десе де мұғалімнің қолында» деген сөзі ұстаздардың алдында үлкен жауапкершіліктің тұрғанын айтады. Ал ағылшынның ұлы ағартушысы Уильям Уорд былай «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады» дейді [14, 25]. Ұлы адамдардың ұлағатты сөздеріне қарасақ, мұғалімнің бала алдында білім беруде жауапкершілігінің қаншалықты маңызды екенін көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сиразеева А.Ф., Валеева Л.А., Морозова А.Ф. «Жоғары оқу орындарындағы шет тілін оқытудағы инновациялық технологиялар»//Ғылым және білім берудегі қазіргі мәселелер. – 2015 жыл. – №3;

2. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvary-2018-g

3. Бөрібекова Б.Ф., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.

4. Азимов Э.Г., Вильшинецкая Е.Н. «Ағылшын тілі сабағындағы Ғаламтор материалдары»//Мектептегі шетел тілдері журналы. – 2001. – №1. – с.96-101.

5. Селевко Г.К. Заманауи білім беру технологиялары. М.: Академия, 2008 жыл – 346 бет.

6. Чубенко Е.Н. «Қазіргі мектептердегі ағылшын тілі сабағында білім беру инновациялық технологияларын қолдану». – 2018. – 37.

7. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.

8. Искалиева Д.У. Бастауыш сыныпта оқытудың жаңа технологияларын қолдану// «Өрлеу» ұлттық біліктілік көтеру орталығының Батыс Қазақстандағы филиалы. – 2021ж.

9. Каирлина Г.М. «Ағылшын тілі сабағында жаңа технологияларды пайдалану» //Өрлеу Республикалық білім порталы. – 12.02.2016. – Семей қаласы.

10. Сальникова Т.П., «Педагогические технологии», М., 2005 г.

11. Брюсова Н.Г. «Английский язык. Учимся и играем на уроках английского языка. 2-4 классы. М., 2003 г.

12. Ротенберг В.С., Бондаренко С.М. «Мозг. Обучение. Здоровье». М., 1989.

13. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazakhstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylygy-5-kazan - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауынан.

14. <https://ppt-online.org/125780> - онлайн бейнепрезентация «XXI ғасыр мұғалімі қандай болу керек» - 2020.



Paidalanylған әдебиеттер:

1. Sirazeeva A.F., Valeeva L.A., Morozova A.F. «Zhоғары оқу орындарындағы шет тилин оқытудағы innovatsiyalyқ tekhnologiyalar»//Fylym zhөne bilim berudegi қазirgi мәseleler. – 2015 zhyl. – №3;
2. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvarya-2018-g
3. Bөribekova B.F., Zhanatbekova N.Zh. Қазirgi замaнғы педагогикалық tekhnologiyalar: Оқулық. – Almaty: 2014. – 360 bet.
4. Azimov E.G., Vilshinskaya E.N. «Ағылshyn tili сабағындағы Falamtor materialdary»//Mekteptegi shetel tilderi zhurnaly. – 2001. – №1. – s.96-101.
5. Selevko G.K. Zamanaui bilim beru tekhnologiyalary. M.: Akademiya, 2008 zhyl – 346 bet.
6. Chubenko E.N. «Қазirgi mektepterдегі ағылshyn tili сабағында bilim beru innovatsiyalyқ tekhnologiyalaryn қолдану». – 2018. – 37.
7. Қазirgi замaнғы педагогикалық tekhnologiyalar: Оқулық. – Almaty: 2014. – 360 bet.
8. Iskalieva D.U. Bastauysh synypта оқытудың zhaңa tekhnologiyalaryn қолдану// «Өrleu» ұлттық биліктілік көтеру орталығының Batys Қазакстандағы filialy. – 2021zh.
9. Kairlina G.M. «Ағылshyn tili сабағында zhaңa tekhnologiyalarydy paidalanu» //Өrleu Respublikalyқ bilim portaly. – 12.02.2016. – Semei қалasy.
10. Salnikova T.P., «Pedagogicheskie tekhnologii», M., 2005 g.
11. Bryusova N.G. «Angliiskii yazyk. Uchimsya i igraem na urokakh angliiskogo yazyka. 2-4 klassy. M., 2003 g.
12. Rotenberg V.S., Bondarenko S.M. «Mozg. Obuchenie. Zdorove». M., 1989.
13. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylygy-5-kazan - Elbasy N.Ә.Nazarbaevtyң Қазакстан Khalkyna Zholdaunyan.
14. <https://ppt-online.org/125780> - onlain beineprezentatsiya «KhKhI ғасыр мұғалimi қандаi болu kerek» - 2020.

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ МЕТОДЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ

Султанбаева Ж.Ю., Сеитов Б.Р.

Евразийский технологический университет, Алматы, Казахстан

Аннотация. В сегодняшней глобализированной жизни и развитии технологий использование современных инструментов является одной из важнейших предпосылок. Для того чтобы пополнить ряды развитых зарубежных стран, очень важно использовать новые инновационные технологии в подготовке будущих специалистов на уроках английского языка. Также предлагается метод использования методов новой технологии на практике. Сегодня выпускник средней школы должен быть конкурентоспособным и востребованным на рынке труда, что требует высокого уровня общей освоенности новых технологий, информационно-коммуникативной компетентности, высоких профессиональных навыков, способности принимать



самостоятельные решения, стандартного мышления и адаптивности к меняющимся условиям. ситуации. Основная цель обучения английскому языку – дать учащимся базовый уровень общения на иностранном языке. Переход к точке, где вы можете взаимодействовать на базовом уровне. А для обмена информацией на иностранном языке на базовом уровне предусмотрены четыре вида разговорного английского: разговорный, аудирование, чтение, письмо и активное использование новых приемов на уроке с применением новых технологий. Результаты практической и экспериментальной работы были систематически проанализированы, рассмотрены и сделано научно-методическое заключение. Раскрываются особенности использования новых инновационных технологий на уроке иностранного языка и описывается их содержание.

Ключевые слова: Интернет, ресурс, сайт, цифровой, дистанционное обучение, методическая программа, электронная почта.

INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE METHODS OF USE

Sultanbaeva J.U., Seitov B.R.

Eurasian Technological University, Almaty, Kazakhstan

Abstract: In today's globalized life and the development of technology, the use of modern tools is one of the most important prerequisites. In order to join the ranks of developed foreign countries, it is very important to use new innovative technologies in the training of future specialists in English classes. A method of using the methods of the new technology in practice is also proposed. Today, a secondary school graduate must be competitive and in demand in the labor market, which requires a high level of general mastery of new technologies, information and communication competence, high professional skills, the ability to make independent decisions, standard thinking and adaptability to changing conditions. situations. The main goal of teaching English is to give students a basic level of communication in a foreign language. Moving to a point where you can interact at a basic level. And for the exchange of information in a foreign language at the basic level, four types of spoken English are provided: speaking, listening, reading, writing, and the active use of new techniques in the classroom using new technologies. The results of practical and experimental work were systematically analyzed, reviewed and a scientific and methodological conclusion was made. The features of the use of new innovative technologies in a foreign language lesson are revealed and their content is described.

Keywords: Internet, resource, site, digital, distance education, methodical program, e-mail.

Авторлар туралы ақпарат:

Сұлтанбаева Жайна Убайдуллақызы - магистр, аға оқытушы, Еуразия технологиялық университеті, ББЖТФ, Алматы, Қазақстан, e-mail: zhaina.sultanbayeva@gmail.com

Сеитов Бахитжан Рахимбекович – оқытушы, ББЖТФ, Еуразия технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: bakhseit@mail.ru



Сведения об авторах:

Султанбаева Жаина Убайдуллаковича – магистр, старший преподаватель, Евразийский технологический университет, ББЖТФ, Алматы, Казахстан, e-mail: zhaina.sultanbayeva@gmail.com

Сеитов Бахытжан Рахимбекович - преподаватель, ББЖТФ, Евразийский технологический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: bakhseit@mail.ru

Information about authors:

Sultanbaeva Zhaina Ubaidullakovyna - master, senior lecturer, Eurasian Technological University, BBzhTF, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhaina.sultanbayeva@gmail.com

Seitov Bakhitzhan Rahimbekovich - lecturer, BBzhTF, Eurasian Technological University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bakhseit@mail.ru